ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2025 жылғы 27 мамыр 7119-25-00-2/4699 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Альжан Ж.Б.» тұлғасында Бауыржанқызы Жанерке Альжан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Альжан Ж.Б.» тұлғасында Бауыржанқызы Жанерке Альжанға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Альжан Ж.Б.» тұлғасында Бауыржанқызы Жанерке Альжан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Альжан Ж.Б.» тұлғасында Бауыржанқызы Жанерке Альжаннан мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 27.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.07.2025 Судья Шамшильдин Т 03.07.2025